



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

атқарды. Мысалы оның Мұхамед Хайдар Дулатидың қазақ топырағында қайта түлеп, оның шығармаларының қазақ тілінде басылып шығуы қазақ тарихшыларының мәртебелі міндеті еді. Немесе тарихшы болмаса да Ақжан Машанидің 1960-70 жылдары Әбунасыр Әл-Фараби мұраларын терен зерттеп, оны өз халқына қайта қайыруы үлкен азаматтық ерлік еді.

Қорыта айтқанда қазақ тарихының ғылымының жаңа әдіснамалық қағидаларының негізін қалаған академик М.Қозыбаев тарих ғылымының функцияларын өзі жақсы түсініп, бізге келер ұрпаққа дұрыс түсіндірді деп ойлаймын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Методологические проблемы истории./В. Н. Сидорцев и др. Под общ. ред. В. Н. Сидорцева. – М.: Тетра Система, 2006. – С. 374.
2. Геродот. История. -Л.,1972, - 345 с.
3. Боллингброк Г. С. Письма об изучении и пользе истории.-М., 1978.- С. 256.
4. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында.-Алматы, Атамұра, 1999. -460 с.
5. Қозыбаев М. К. Казахстан на рубеже веков: Размышления и поиски. В двух томах. Книга первая.-Алматы: Ғылым, 2000 – С.180.

ӘОЖ 930.314(045)

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - ЖАСТАРҒА ЖАРҚЫН БАҒДАР

Советхан Әмина

amina051199@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшілері –Талғатбек М. О., Дүкенбаева З.О.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында концептуалды мәселелер қозғалған. Атап айтқанда, ұлттық сананы жаңғырту ерекше орында тұр. Рухани жаңғыру үшін ұлттық менталитет пен ұлттық кодтың сақталуына айрықша мән беруіміз қажет. Егер ұлттық менталитет әрбір ұлттың өзіндік бітім-болмысы болса, ал ұлттық код – рухани сананың алтын өзегі болуға тиісті. Сондықтан да Елбасы «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодыңды сақтай білу» деп орынды атап көрсете отыра, ел ертеңі жастарға да үлкен сенім артады. Мемлекет басшысының аталмыш бағдарламалық мақаласындағы көкейкесті ой-пікірлерінде: «Жаңғырудың жарқын жолы – жастардың қолында», – деген қанатты сөзін әркез айтып келеді [1,1].

Рухани жаңғыру – бұл адам сана сезімінің, сенімі мен сапасының, білімі мен өмір сүру тәсілінің көрсеткіші. Ал, жастардың рухани байлығы дегенде бірінші кезекте, олардың білімділігі, ана –тілін білуі мен мәдени деңгейі, дүниетанымдық ой-өрісі тұрады. Сондықтан да, Елбасының бағдарламалық мақаласы елдің ертеңі - мына біз, жастарға арналған.

Тәуелсіздігімізді алғалы 26 жылдан уақыт асты. Егемен ел болған Қазақстанның алғашқы ұрпағы ат жалын тартқан азамат, елдің тізгінін ұстайтын халге жетті. Сондықтан болар, Елбасының аталған мақаласының негізгі өзегі жастарға ескерту, олардың көзін ашу, алға жетелеу болып табылады. Бағдарламалық мақалада кездесетін «бәсекелестік», «білім», «ғылым», «тұтастық», «ұлттық код» сынды сөздердің жастар үшін маңызы өте зор. Себебі, білімдінің мыңды жығар заманы келе жатыр. Сандық Қазақстанның болашағы өсіп келе жатқан ұрпақтың қолында. ХХІ ғасырдың ұрпағы сандық әлемге етене енбесе, кеңестік кезеңнің дәмін татқан буынның икемі бірден келе бермейді. Басты талап меңгеру. Қай жағынан келсе де кез келген саланы жіті меңгере отырып, жұмыс жасау. Мақалада көрсетілген орындалу керек

міндеттердің бәрі ел ертеңі болатын бүгінгі жастар алдында тұрған міндеттер. Тіл үйрену, қабілетті болу, ел үшін тер төгу. Елбасының бұған дейін де «Қазақстанның болашағы – жастардың қолында» деген сөзі де әлі ықпалын жоғалтқан жоқ. Тіпті бұл ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын табатын дана сөз болып қалары анық. Себебі, болашақ – жастардың қолында.

Рухани жаңғыру – бабалардан бойға сіңген дәстүрдің, әдет пен ғұрыптың, салт пен сананың, ырым мен тыйымның, ұлттық болмыс пен ұлттық құндылықтардың қайта өрлеу кезеңі. Яғни қазіргі заман талабына сай мәдениеттің жаңаша бағытта қалыптасуы. Елбасының бұл мақаласы – астары терең, түсіне білген адамға мәні мен мағынасы бар үндеу. Елдің басшысы ретінде елдің ертеңіне алаңдау, жаһандық өзгерістермен бірге өзгеріп, өз ұлтының мәдениетін сақтап қалу өте қиын жұмыс. Ән салып, домбыра тарта беру немесе өткен мәдениеттің ескі дәстүрін сол қалпында қазіргі қоғамға жеткізге беру ешқандай жеңіс әкелмейді. Қоғам алдында беделді әрі биік болу үшін бәріне дайын болу керек. Қазақта «заманың түлкі болса, тазы боп шал» дейді. Бағыты басқа, болмысы мүлде бөлек кетіп бара жатқан жаһандық өзгеріске біз қалай қосыламыз? Қандай мәдениетпен: кешегі мен әлде бүгінгі қайта жаңғырған мәдениетпен бе? – деген сұранысы мен толғағы бар оқиғалардың түбі дәстүрімізден айрылып қалуға алып келе жатыр. Ал, қазір ол дәуір басқа бағытқа жол жүріп кетті. Тоқтату мүмкін емес, бірақ көштен қалмай бірге өмір сүруге мүмкіндік бар. Бүгінгі күндері еліміздегі түрлі саяси Еліктеу, Еуропашыл, Шығысшыл адамдардың қатары пайда болды. Ал, мұндай сәтте, біздерге Ел президенті ұсынған ХХІ ғасырдағы ұлттық сана мен бірге ұлттық код керек. «Ұлттық кодтың өзегі - ұлттық тіл деп ойлаймын. Егер ұлт болып ұйып, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпымызды сақтаймыз десек, жас ұрпақ санасына алдымен туған тілде тәрбие берілуі тиіс. Елбасы Н.Назарбаевтың: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының екінші бөлімінде қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларды қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге, біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап ететіні алға тартылып, таяу жылдары атқарылуы тиіс міндеттер белгіленді. Осы орайда, Елбасы ең бірінші қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастау қажеттігіне тоқталды. Тұңғыш Президенттің қазақ әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы Жарлығы Тәуелсіз еліміздегі ең басты оқиғалардың біріне айналып отыр. Әбден сана-сезімі жетіліп, туған елге деген сезімі ояңғанда ғана әлемді таныту артық болмайды. Ұлттық кодтың бұзылуы ел іргесінің ыдырауына да әсер етері сөзсіз. Сондықтан туған тілге деген құрмет, мәдениетімізге, жалпы таным көкжиегіне тигізер әсері зор».

Бүгінгі өскелең жас ұрпақ ұлттық рух пен ұлттық сананы жаңғыртуда болашаққа бағытталған үкілі үміт, асқақ арман, абыройлы парыз деп қана қабылдамай, төл міндет және тегеурінді талап деп ұғынғандары абзал. Сол арқылы, қоғамдық сананы жаңғыртудың басты басымдығы ұлтымыздың жаһандық қоғамдастықта бәсекеге қабілетті болуымызды, өзіміздің бірегейлігіміз бен құндылықтарымызды, дәстүрімізді сақтауға тиіспіз [1,2]. ХХІ ғасыр - ғылым мен білімнің ғасыры. Ғылымсыз білім таяз тартары мәлім. Тіпті тоқырау болатыны айтпаса да түсінікті. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» тақырыбындағы биылғы Жолдауындағы «Адами капитал – жаңғыру негізі» атты жетінші міндетін түсіндірді. «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек», – дейді Мемлекет басшысы. Жастарымыз басымдық беретін мәселелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді». Бұған бәсекелік қабілет керек. Бәсекеге әркім қабілетті болуы маңызды. Бірақ тұтас ел болып бәсекеге қабілетті болу, соның жолында жаппай тұтас еңбек ету, білім алу, ғылым игеру бұл басқа бір төбе. Себебі, кез - келген күштің дәрежесі бірлікте. Ендеше рухани жаңғырудың тағы бір қыры елді бірлік пен татулыққа шақыру. Қарабайыр қарым-қатынас үшін шақыру емес, бәсекелес болуға, елдің ертеңі үшін бірігуге шақыру. Прагматизм керек. Бұл қиялдаудан іске көшу. Тамырдан тарап, бойға енген ұлттық құндылық пен байлықты игеру.

Игере отырып, соның жолында қайта жаңғыру, қайта өсу. Елбасының ойынша ұлттық текті сақтап қалуға мүмкіндік беретін басты көрсеткіш – бұл патриоттық тәрбие. Қазақстандық білім беру жүйесінде жастарды патриоттық сезімге баулуға аса мән беріліп отыр. Жастарымызды жас күнінен Отанға деген сүйіспеншілігін, атамекенде өмір сүріп жатқан ұлт пен ұлыстардың мәдениеті жайында білім беру арқылы біртұтас қазақстандық қоғамды қорғауға деген түйсігін қалыптастыру қазіргі білім беру жүйесінің басты ұстанымы болып отыр. Мақалада әрбір азаматтың патриоттық сезімін қалыптастырып, сүйіспеншілігін арттыратын туған жер екендігі айтылады. Яғни, Елбасының сөзімен айтқанда: «Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады». Осыған байланысты бұған дейін де жұртшылық тарапынан қолдау тапқан «Туған жер» бағдарламасының өзінің жалғасын табатын болды. Мақалада алға қойылған міндеттердің қатарында үшінші тізімді «Туған жер» бағдарламасын қола алу ұсынылған. Туған өлкені топырағы – әрбір қазақтың жүрегіне түптелген рухы. Сол себепті туған жерін, туған ауылын өркендеткісі келетін жандардың қарасы көп. Көптеген кәсіпкерлер өзінің туған ауылына көңіл бөліп, ондаған ағайынды жұмыспен қамтып, аймақта шаруа дамытып отыр. Туған жерді дәріптеу арқылы патриоттық сезімді қалыптастыру бала жастан да, ересек жастан да бастау алады. Туып-өскен өлкенің қандай құдіретті істерге бастайтындығын аңдаған Елбасы ендігі кезекте тарихы бай ұлан-ғайыр алқаптың мәдени құндылықтары мен географиялық табиғатын қалыптастыруға мән беруде. Сол мақсат жолында «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын жүзеге асыруды ұсынды. Жобалар бойынша мәдени-географиялық белдеудің электронды картасы жасалып, әлемдік ғаламтор желісіне орналастырылмақ. Одан бөлек, мәдени орындар мен мұражайларға қойылмақ. Елімізде екі мыңнан астам тарихи ескерткіш орындары мен мыңдаған туристік-мәдени жерлер орналасқан. Мұны мәдени кластер ретінде де, туристік кластер ретінде де ұйымдастыра отырып, біртұтас мәдени жоба түрінде жасап шығуға болады. Қазіргі уақытта этнограф, картограф, геодезист ғалымдар тарихи мекендердің картасын жасауға зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Нәтижесінде, мәдени орындардың суреттері 3D кеңістікке көшіріліп, ақпараттармен қамтылмақ.

Елбасының бағдарламалық мақаласында алға қойылып отырған ұлтымыздың рухани жаңғыруына бағытталған таяу жылдардағы міндеттер біртұтас ұлт болуға, мәдени және сана ашықтығына ұмтылуға, қанымызға сіңген, тамырымызда бүлкілдеген ізгі қасиеттерді қайта түлетуге бастайды. Сонымен қатар, өскелең ұрпақтың саналы азамат болып қалыптасуына, олардың алға қойған мақсаттарының дұрыс іске асуына Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының орны ерекше. Жастар бойындағы рухани жаңғыру және отаншылдық қасиеттерін көтерудің бірден-бір кілті деп түсінеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». 26 сәуір, 2017 жыл.
2. Жақыпов Е. Дін және жастар. Алматы. 2017 жыл. 2-5 бб.